

**"Turkistan Media Holding" ЖШС-нің кезектен тыс жиналысының №2  
II-ші тоқсан\_ХАТТАМАСЫ**

Түркістан қаласы

27.05.2024 ж

**Төрағасы:** Агыбаев Жанахмет Жанибекович

**Хатшы:** Рахматулла Әсет Нурланұлы

**Қатысқан адамдардың саны:** 23 адам

**Күн тәртібіндегі мәселе;**

Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексінің 2014 жылғы 3 шілдедегі №226-V ҚРЗ жарлығына ақпараттық түсіндірме жұмысы туралы.

**Сөз сөйлеген:** "Turkistan Media Holding" ЖШС-нің бас директоры Ж. Агыбаев.

Құрметті әріптестер, Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексінің 2014 жылғы 3 шілдедегі №226-V ҚРЗ жарлығына ақпараттық түсіндірме жүргізуге Рахматулла Ә.Н сөз берді

**Ә.Рахматулла :** Түсіндірме жұмысының негізгі мақсаты – Осы Кодекстің міндеттері: адамның және азаматтың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін, меншікті, ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін, қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті, қоршаған ортаны, Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысы мен аумақтық тұтастығын, қоғам мен мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін қоғамға қауіпті қолсұғушылықтан қорғау, бейбітшілік пен адамзат қауіпсіздігін сақтау, сондай-ақ, қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу болып табылатынын атап өтіп, толыққанды мәлімен тберді.

Жиналыс соңында мәселелер жан – жақты талқыланды, мекеме қызметкерлері тарапынан қойылған сұрақтарға нақты жауап берді.

Жиналыс төрағасы Агыбаев Жанахмет Жанибекович жиналысты қорытындылады.

**Жиналыс төрағасы:**

Агыбаев Жанахмет Жанибекович

**Хатшы:**

Рахматулла Әсет Нурланұлы



**"Turkistan Media Holding" ЖШС-нің кезектен тыс жиналысының №1  
I-ші тоқсан ХАТТАМАСЫ**

**Түркістан қаласы**

**29.03.2024 ж**

**Төрағасы:** Агыбаев Жанахмет Жанибекович

**Хатшы:** Рахматулла Әсет Нурланұлы

**Қатысқан адамдардың саны:** 19 адам

**Күн тәртібіндегі мәселе;**

Құрметті әріптестер, Осы Заң сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейді және Қазақстан Республикасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыруға бағытталған. Осы заң аясында ақпараттық түсіндірме жұмыстарын жүргізуге шақырылған қонақ Бейсембаев Бақытжан Жармаханұлы, Түркістан облыстық Қоғамдық кеңес мүшесі, "Бітімгер" медиаторлардың қоғамдық бірлестігінің басшысы.

Ә.Н.Рахматулла: Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес – баршамызға ортақ іс ішкі талдау жұмыстарының талқылау үшін Бейсембаев Бақытжан Жармаханұлына сөз беремін.

Бейсембаев Б.Ж. Сыбайлас жемқорлық - заман ағысымен бірге өсіп-өркендеп, мол қаражат және қоғамдық бәсекелестік пайда болған жерлерге тамырын жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған кеселдің бірі. Бұл кесел дамушы елдердегідей біздің жас мемлекетімізге де орасан зор нұқсан келтіріп отыр.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылуда. Әсіресе, халық парақорлық дертімен жиі бетпе-бет келеді. Сондықтан, кез келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет.

Парақорлық мемлекеттік органдардың тиісті қызмет атқаруына кері әсерін тигізіп, беделіне нұқсан келтіреді, заңды қағидаларды теріске шығарып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына түрткі болады. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңына сәйкес, сыбайлас жемқорлықпен күресті барлық мемлекеттік органдар мен онда қызмет атқаратын лауазымды тұлғалар жүргізуі тиіс. Мемлекеттік органдардың ұжымдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының басшылары өз өкілеттігі шегінде кадр, бақылау, заңгерлік және өзге де қызметтерін тарта отырып, заң талаптарының орындалуын қамтамасыз етуге міндетті.

